

Егіндікөл ауданы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № а-5/94 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Егіндікөл ауданы әкімдігінің:

2012 жылғы 5 шілдедегі № а-7/201 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № а-12/296 (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 қаңтарда № 4564 тіркелген, 2015 жылғы 19 қаңтарда № 3 "Егіндікөл" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Н. Төлепов